

2024-2025 оқу жылындағы іс –шаралар мен педагогтер туралы ақпарат

«№27 жалпы білім беретін мектебі»КММ

LS/AR курсының өткен педагогтер тізімі

№	Аудан (қала)	ББҰ атауы	Педагогтің аты- жөні (толық)	Пәні	Өтілі	Курс атауы	Өткен мекеме	Жылы
1	Сәтбаев	"№27 ЖББМ"КММ	Баймуханова Жансая Муратбековна	ағылшын тілі	16,4	Сабақты зерттеу (Lesson study) 1-ші кезең	ПШО	2021
2	Сәтбаев	"№27 ЖББМ"КММ	Тажиева Айжан Ахатовна	ағылшын тілі	21,2	Сабақты зерттеу (Lesson study) 1-ші кезең	ПШО	2021
3	Сәтбаев	"№27 ЖББМ"КММ	Смайлова Гулзира Калиаскаровна	математика	30,8	Сабақты зерттеу (Lesson study) 1-ші кезең	ПШО	2021

«Цифрлы ұстаз» жобасы бойынша сабақ кестесі
2024-2025 оқу жылы

№	сыныбы	пәні	уақыты	Пән мұғалімі
1	8 «А»	физика	Дүйсенбі 15:30-16:15 Сәрсенбі 15:30-16:15	Омарова А.Б
2	8 «А»	Қазақстан тарихы	Дүйсенбі 14:00-14:45 Сәрсенбі 14:45-15:30	Мауленова Г.Ж

«Цифрлы ұстаз» жобасы бойынша сабақ өткізетін педагогтер жайлы мәлімет

№	Аудан/қала	Білім беру ұйымының атауы, лауазымы	Жоба бойынша сабақ беретін пәні	Санаты	Еңбек өтілі
1	Сәтбаев қаласы	Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ	физика	Педагог-модератор	37 жыл 3 ай
2	Сәтбаев қаласы	Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ	Қазақстан Тарихы	Педагог-сарапшы	17 жыл 2 ай

«Цифрлы ұстаз» жобасы бойынша білім алушылардың жетістіктеріне мониторинг жүргізу, пәндер бойынша білімнің артуын талдау

№	Пән атауы	Оқушының аты-жөні	1 тоқсан (%)	2 тоқсан (%)	3 тоқсан (%)	4 тоқсан (%)	Қорытынды бағасы
1	физика	Серік Мейрамбек	47%	47%	46%	46%	3
		Кенбаев Жанай	47%	47%	57%	52%	3
		Орынбасар Айзере	58%	69%	68%	68%	4
2	Қазақстан тарихы	Серік Мейрамбек	56%	61%	46%	54%	3
		Кенбаев Жанай	62%	64%	52%	60%	3
		Орынбасар Айзере	63%	74%	65%	68%	4

«Цифрлы ұстаз» жобасы бойынша білім алушылардың жетістіктеріне мониторинг жүргізу, пәндер бойынша білімінің артуына талдау

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 42 тармағына сәйкес «Цифрлық ұстаз» жобасын орындау үшін, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 7 желтоқсандағы №360 бұйрығын және Ұлытау облысы білім басқармасының 2024 жылғы 6 тамыздағы №243-н бұйрығы, Ұлытау облысы білім басқармасының «Сәтбаев қаласының білім бөлім» ММ-нің 2024 жылғы 12 тамыздағы №169 және «№27 жалпы білім беретін мектебі»КММ-нің 2024

жылғы 29 тамыздағы №114-н бұйрығы нешінде тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларға арналған «Цифрлық ұстаз» жобасын іске асыру туралы «Цифрлық ұстаз» жобасы бойынша 8 сынып оқушыларынан 3 оқушы Кенбаев Жанай, Серік Мейрамбек, Орынбаева Айзере қамтылып отыр.

«Цифрлық ұстаз» жобасы аясында физика пәні, Қазақстан тарихы пәні бойынша қосымша сабақтар өткізіледі. Физика пәні мұғалімі, педагог-модератор А.Б.Омарова, Қазақстан тарихы пәні мұғалім, педагог-сарапшы Г.Ж.Мауленова осы оқушыларға «BILIMAL» электронды журнал ашылып, күнтізбелік тақырыптық жоспарлары енгізілді. Пән мұғалімдері оқушылармен жеке жұмыс жасау мақсатында сабақ кестесі құрылды. Оқушылармен платформадағы видеосабақтарды қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын оянып, сабаққа деген белсенділіктері арту бойынша жұмыстар жүргізілді.

8 «А» сынып оқушысы Кенбаев Жанай «Отынның энергиясы. Отынның меншікті жану жылуы», «Жылу үдерістеріндегі энергияның сақталу және айналу заңы», «Денелердің электрленуі», «Электр тогы, электр тогы көздері» тақырыптарын жақсы меңгерсе, Серік Мейрамбек «Температура, температураны өлшеу тәсілдері», «Тұрақты магниттер, магнит өрісі», «Жарықтың түзу сызықты таралуы, жарық көздері» тақырыптарын жақсы түсінді.

Қосымша сабақтан туындаған мәселе	Себебі	Шешу жолы
Пән бойынша күрделі тақырыптары бойынша төмен нәтиже	Күрделі теориялық түсініктер	Видео-сабақтар мен анимациялық модельдер қолдану
Физика пәнінен есептерді шешуде және тарихи мәліметтерді жинақтау/жаттау қиындық	Формулалар мен тарихи ақпараттарды дұрыс қолданбау	Формула кестесін құру, жеке консультациялар ұйымдастыру
Платформада белсенділіктің төмендігі. (Bilimal)	Пәндік кабинетте интернет желісінің жетіспеуі	Bilimal және т.б білім беру платформасындағы видеосабақтар мен пәндік тапсырмаларды сабақ уақытында қолдану

Қазақстан тарихы бойынша хрестоматия материалар пайдалана отырып, әр топ (класс) өкілдерінің қандай міндеттерін мен құқықтары болғандығын атап көрсетіп отырды. Салыстырмал талдау жасау арқылы оқушылардың шығармашылық ынтасын дамыту, тақырыпты ашу үшін күрделі немесе қарапайым жоспарлар құру, өз көзқарасын дәлелдеуге үйрету.

Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 8 «Б» сынып оқушысы Орынбасар Айзере II тоқсаннан бастап екпінділер қатарына көтерілді. Бұл оқушылар әлі де жеке жұмыс жасауды қажет етеді. «Цифрлық ұстаз» жобасы

аясында мектептің үлгерімі төмен оқушыларына қолдау көрсету мақсатында 8 сыныптың 3 оқушысы: Кенбаев Жанай, Серік Мейрамбек және Орынбасар Айзере. Осы аталған оқушыларға Физика, Қазақстан тарихы пәндері бойынша пән мұғалімдері сабақ кестелеріне сай дүйсенбі, сәрсенбі күндері қосымша сабақтар жүргізіліп отырады. Bilimal платформасындағы цифрлық білім беру ресурстарын қолдана отырып, оқушылардың білімін зерделеу барысында Tester.kz платформасында тест алынды. Оқушылардың тестілеу нәтижесінде, кіріс тестілеуге қарағанда олқылықтармен жұмыс оқушылардың біліміне үлес қосқаны байқалды. І жарты жылдық қорытынды негізінде Орынбасар Айзере Қазақстан тарихы пәнінен «4» ке қорытылды.

Пәнді қалай меңгергендігін бақылау мақсатында Қазақстан тарихы, физика пәнінен сынама тесті алынды. Қорытынды сынама тестінің нәтижесі VI-тоқсандағы білім сапасымен салыстырмалы түрде алынды.

ФИЗИКА/ Сынып	Қатысқаны	Сынама тест	БЖБ	ТЖБ	VI тоқсандағы білім сапасы	бағасы
8 «А»	2	25%	24%	24%	49%	3
8 «Б»	1	35%	33%	34%	68%	4
Қазақстан тарихы/ Сынып	Қатысқаны	Сынама тест	БЖБ	ТЖБ	VI тоқсандағы білім сапасы	бағаасы
8 «А»	2	33%	56.2%	29%	57%	3
8 «Б»	1	36%	32%	36%	68%	4

Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйе» технологиясы

Мақсаты: оқушының шығармашылықпен белсенді жұмыс істеуін дамытады, әр оқушыны өздігінен үйренуге баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады, ой еңбегімен айналысуға жетелеу, яғни оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыру.

Оқу іс-әрекетінің негізгі түрі оқушылардың өздігінен орындайтын жұмысы және әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз ету.

Білім сапасы:

№	2023-2024 оқу жылы жалпы	2024-2025 оқу жылы I жарты жылдық	айырымы
	48,3%	49,6%	+1,3%

Мектептің білім сапасына қойылған міндеттер

1. **Оқу бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету:** Мектептер оқу бағдарламаларын мемлекеттік стандарттарға сәйкес жүзеге асырып, олардың сапасын үнемі бақылап отыруы тиіс.
2. **Педагогтердің кәсіби дамуы:** Мұғалімдердің біліктілігін арттыру, озық педагогикалық тәжірибелерді енгізу арқылы оқу сапасын жақсарту.
3. **Оқушылардың білім жетістіктерін мониторингтеу:** Білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі түрде бақылап, олардың даму динамикасын анықтау.
4. **Ата-аналармен ынтымақтастық:** Ата-аналардың оқу процесіне қатысуын қамтамасыз ету, олардың пікірлерін ескеру арқылы білім сапасын арттыру.

Міндеттің орындалуы, нәтижелігі:

Мектептің білім сапасына байланысты қойылған міндеттердің орындалуы мен нәтижелілігі мектепшілік бақылау жүйесінің тиімділігіне тікелей байланысты.

- **Жоспарлы және жүйелі бақылау:** Мектепшілік бақылау алдын ала жоспарланып, жүйелі түрде жүзеге асырылды.
- **Кәсіби құзыреттілік:** Бақылау шараларын педагогикалық шеберлігі жоғары мамандар жүзеге асырды.

- **Ақпараттық ашықтық:** Бақылау нәтижелері педагогикалық ұжыммен ашық талқыланып, ортақ шешімдер қабылданды.
- **Мониторинг және талдау:** Оқу процесінің нәтижелері үнемі мониторингтен өтіп, талданып отырды.
- **Шығармашылық және өзара көмек:** Педагогикалық ұжымда шығармашылық атмосфера қалыптастырып, өзара көмек көрсетілді.

Анықталған мәселе:

- **Мониторинг нәтижелері:** «№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылында білім сапасы 48,3% болса, 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдықта 49,6% болып, 1,3%-ға көтерілген. Білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар әлі де қажет етеді.
- **Педагогтердің кәсіби дамуын қолдау:** УӘЖ технологиясы бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын уақытылы әрі толық барып, педагогтердің сапалық құрамы 56% болды.
- Ата-аналардың оқу үдерісіне белсенді қатыспайды.

Шешу жолдары:

- **Мектепшілік бақылауды күшейту:** Оқу бағдарламаларының орындалуын, мұғалімдердің кәсіби деңгейін және оқушылардың білім сапасын үнемі бақылап отыру.
- **Педагогтердің кәсіби дамуын қолдау:** Мектептің басқа (УӘЖ технолдогиясына қамтылмаған) пән мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, озық педагогикалық тәжірибелерді енгізу.
- **Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту:** Ата-аналардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету, олардың пікірлерін ескеру.

**«943-елдің мақсатты мектептердің дамыту» республикалық жобасы
бойынша аналитикалық есеп**

«943 – елдің нысаналы мектептерін дамыту» жобасы шеңберінде Ұлытау облысы бойынша енген 12 мектептің ішінде «№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ болды. Мақсатты мектептің жеке портреті – бұл мақсатты мектептің оқу-тәрбие үдерісін, басқарушылық және кадрлық қамтамасыз етуді, материалдық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз етудегі негізгі қажеттіліктерін анықтау үшін мәліметтерді талдауды қамтитын аналитикалық құжаты мен жеке жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. «Мақсатты мектеп» бойынша «№27 жалпы білім беретін мектебі»КММ-нің жеке портретінде анықталған мәселелер бойынша:

Нысаналы мектептерде проблемалар анықталғаны көрсетті:	Шешу жолдары:
1. Менеджмент бөлігінде мектеп басшыларының құзыреттілігінің жеткіліксіз жоғары деңгейі (орынбасарлардың басшылық санатының болмауы);	Мектеп басшысы және басшы орынбасарларының құзыреттілігін біліктілігін арттыру арқылы көтеру. (мектеп басшысы және 2 басшы орынбасары)
2. 4,9 сынып оқушыларының оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығы пәндері бойынша білім сапасының төмен болуы;	• Мектеп педагогтеріне тоқсандық семинарлар сессиясын жүргізу. • Цифрлы ұстаз – 8 сынып - 3 оқушы (Физика, Қазақстан тарихы), Quzyuq Sabaq, Педагог-волонтер, Репетитор-оқушы жобалары аясында мектептің үлгерімі төмен оқушыларына қолдау көрсету. • Үлгерімі төмен сыныптарда «Сабақты зерттеу» (Lesson Study) жобасын жүргізу. (І тоқсан қорытындысы негізінде)
3. Ішкі және сыртқы бағалау нәтижелерінде сәйкессіздіктердің болуы	• Сабақ сапасын арттыру және ішкі бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету, мұғалімдерге сабақты жоспарлау және бағалау мен рефлексия бойынша практикалық сабақтар іс-шаралар өткізу; • педагог-зерттеушілердің мұғалімдермен ішкі оқытуды қамтамасыз ету. • Action Research арқылы өз

	тәжірибесінде зерттеуді ұйымдастыру.
4. Пәндер бойынша кадр жетіспеушілігі (химия, технология (ұлдар) пәндері мұғалімдері, зейнеткер ұстаздар (география, биология, бастауыш сынып).	- Білім сапасына әсер ететін, қосқызметкер орнына жоғары білікті оқытушы - химия пәні мұғалімін тұрақты жұмысқа тарту (10-11 сыныпта таңдау пәні ретінде химия пәні) - Негізгі пәндер бойынша зейнеткер ұстаздар жас педагогтердің кәсіби өсуіне ықпал ету.
5. Мұғалімдердің өз тәжірибелерін тарату, шығармашылық-зерттеушілік әлеуетін көтеруге белсенділігінің төмендігі.	«Qyzyq Sabaq», «Педагогикалық шеберхана» жобасы аясында іс-тәжірибе тарату.
6. Жаңа модификациядағы кабинеттердің тапшылығы	«Баршаға қол жетімді сапалы білім» "Ұлттық баяндамасын іске асыру жөніндегі Жол картасы" негізінде 2024 жылы биология және физика кабинеттерін алу

Мектептің ББЖМ, ҰБТ, RBTS мемлекеттік аттестациясы, білім алушылардың жалпы үлгерімі бойынша нәтижелері зерделенді.

ББЖМ-2022 Ұлытау облысы НМ ішінен 9-сыныптар арасында ең төмен көрсеткішті көрсеткен мектептер арасында болды.

Жылы	Мекеменің атауы	9-сынып оқушыларының нәтижелері			
		Орташа ұпай	Аудандық көрсеткіштен айырмасы	Облыстық көрсеткіштен айырмасы	Республикалық көрсеткіштен айырмасы
2022	№27 жалпы білім беретін мектебі	29,04 немесе 38,72%	-5,84 немесе -7,79%	-12,35 -16,47%	-18,28 немесе -24,37%

Ұлытау облысының нысаналы мектептерінің түлектері ҰБТ келесі нәтижелерді көрсетті.

Мектеп атауы	ҰБТ-2022			ҰБТ-2023			ҰБТ-2024		
	Мектеп нәтижесі, ұпай	Облыстық көрсеткіштен айырмасы	Республикалық көрсеткіштен айырмасы	Мектеп нәтижесі, ұпай	Облыстық көрсеткіштен айырмасы	Республикалық көрсеткіштен айырмасы	Мектеп нәтижесі, ұпай	Облыстық көрсеткіштен айырмасы	Республикалық көрсеткіштен айырмасы
№27 ЖББМ	54,09	-9,27	-11,91	66,33	-5,25	-6,67	65,38	-7,11	-2,62

2022 жылы ҰБТ тапсырған түлектердің 41% шекті ұпай жинамаса, 2023 жылы 31%-і, 2024 жылы 32,8% шекті ұпай жинамады.

Мектеп атауы	ҰБТ-2022			ҰБТ-2023			ҰБТ-2024		
	Тапсырған	Шекті балл	Шекті	Тапсырған	Шекті балл	Шекті	Тапсырған	Шекті балл	Шекті ұпай

	оқушы саны	жинамағаны	ұпай жинағаны	оқушы саны	жинамағаны	ұпай жинағаны	оқушы саны	жинамағаны	жинағаны
№27 ЖББМ	24	14 58%	10 42%	23	8 34,8%	15 65,2%	31	6 19,4%	25 80,6%

Педагогтердің сандық және сапалық құрамы

Мектеп атауы	Жалпы	математики	информатики	физики	химии	география	биолог	Ағылш тілі	Орыс тілі	Қазақ тілі	тарих	Бастауыш сынып
№27 ЖББМ	36	4	2	2	0	2	1	4	4	4	2	11

Дереккөз: Ұлттық білім беру деректер қоры

Мектеп атауы	Жалпы	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	педагог	Сапалық үлесі
№27 ЖББМ	36	8	15	12	1	63,8%

Мақсатты мектепте жұмыс істейтін негізгі пән педагогтері барлығы - 36, педагог-зерттеуші - 8, педагог-сарапшы – 15, педагог-модератор – 12, педагог – 1, сапалық үлесі – 63,8%.

Қазіргі таңда педагогтердің біліктілігін арттырудың кешенді бағдарламасын әзірленді. Ол базалық, негізгі және тереңдетілген деңгейлерді қамтиды. Ағымдағы жылдың 12 тамызынан бастап мақсатты мектеп педагогтері бастауыш сыныптар, қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыттары бойынша базалық деңгейдегі курстардан өтуде. Бүгінгі күні базалық және негізгі деңгейдегі курстан 36 педагог өтті. Мақсатты мектеп педагогтеріне «Өрлеу» БАҰО» АҚ базалық курсының мазмұны бойынша қорытынды бағалау офлайн форматта жүргізіліген тестілеуге 26 педагог қатысты, зейнеткерлік жасқа байланысты 2 педагог, денсаулығына байланысты 6 педагог, бала күтімі бойынша демалысқа кеткен 2 педагог босатылды. Базалық курс бойынша қорытынды тестілеуден шекті балл жинай алмаған 2 педагог болды: бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы Мукажанова А.С (білімі жоғары, пед.өтілі 38 жыл), ағылшын тілі мұғалімі педагог-модератор Мусина Ш.Н (білімі жоғары, пед.өтілі 17жыл).

Мектеп атауы	Жалпы	Қорытынды тест	қатыспағаны	Зейнеткер	Денсаулығына б/ты	Бала күтімі демалысқа кеткен	Тесттен өткені	Тесттен өтпегені
№27 ЖББМ	36	26	10	2	6	2	24	2 (Мукажанова А.А-бастауыш сынып мұғалімі, Мусина Ш.Н-ағылшын тілі)

Соңғы үш жылдағы педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өткен санына қатысты деректерді талдау келесідей нәтижелерді көрсетті:

	Жалпы саны	Өтпеді	2021 және одан бұрын	2022	2023	2024
№27 ЖББМ	36	0	0	15	19	2

Дереккөз: Ұлттық білім беру деректер қоры

Соңғы үш жылдағы директордың және директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарларының біліктілікті арттыру курстарынан өткен санына қатысты деректерді талдау келесідей нәтижелерді көрсетті:

Мектеп атауы	Жалпы	Менеджмент	Оқу-тәрбие процессі	Деңгейлік курстар
№27 ЖББМ	3	3	0	0

Дереккөз: Ұлттық білім беру деректер қоры

«Мақсатты мектеп» жобалық кеңсенің қызметі

№	Іс шара атауы	Өткізген мерзімі	жауапты
1	«Мектептегі білім сапасын басқару: стратегиядан практикаға» тақырыбында облыстық семинар	25-27 қыркүйек	ММ менторы Сәтбаев қалалық білім бөлімінің әдіскері Э.И.Макишева, мектеп директоры А.Д. Алпысова, мектеп директорының оқу орынбасарлары Тажибаева А.А., Альжанова К.Ж.
2	«Тиімді кері байланыс – команданы табысты басқарудың кілті» атты әдістемелік семинар	қазан	Мектеп директорының орынбасарлары оқу-ісі жөніндегі орынбасары К.Ж.Альжанова және әдістеме ісі жөніндегі орынбасары

			А.А.Тажиева
3	«Оқу мен оқыту ортасында тиімді жоспарлау: тиімді бірлескен әрекет» облыстық күзгі сессия	қараша	Жаратылыстану-математикалық бағытының пән мұғалімдері
4	«Qyzyq Sabaq» жобасы аясында іс-тәжірибе тарату (10 видео-сабақ)	қараша	Педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы мұғалімдер
5	«Зерде» әлеуметтік-педагогикалық жобасы аясында «Сабақ TIME» -тиімді сабақ негізі» тақырыбында қалалық семинар	Желтоқсан,сәуір	ММ менторы Сәтбаев қалалық білім бөлімінің әдіскері Э.И.Макишева
6	«Цифрлы ұстаз» жобасы аясында пән мұғалімдердің жұмысын бақылау	желтоқсан	ММ менторы Сәтбаев қалалық білім бөлімінің әдіскері Э.И.Макишева, мектеп директорының орынбасары А.А.Тажиева
7	сыныптарда «Сабақты зерттеу» (Lesson Study) бойынша жұмыс	Қазан-желтоқсан 4 «Ә, Б», 7 «А,Ә», 8 «Ә»	мектеп директорының орынбасары А.А.Тажиева және пән мұғалімдері
8	«Жасанды интеллект мүмкіндіктері» атты әдістемелік семинар	қараша	математика пәні мұғалімі Ж.Д. Дүкенбай
9	«Мектептің даму стратегиясындағы ата-аналардың рөлі» сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне арналған әдістемелік семинар	желтоқсан	мектеп директорының әдістеме және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.А.Тажиева, Б.З.Абилдина
10	Action Research арқылы өз тәжірибесінде зерттеуді ұйымдастыру. 9 «Ә», 2 «А,Ә», 3 «Ә», 4 «Ә»	Желтоқсан-мамыр	Педагог-зерттеуші, математика пәні мұғалімі Г.К.Смайлова

			Педагог-зерттеуші, бастауыш сынып мұғалімі Қожахметова М.Б
11	«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын математика пәні арқылы қалыптастыру» семинар	наурыз	Педагог-зерттеуші, математика пәні мұғалімі Г.К.Смайлова
12	«Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – білім сапасының басты ресурсы» семинар	сәуір	Педагог-зерттеуші, математика пәні мұғалімі Ж.Д.Дүкенбай, педагог-модератор, информатика пәні мұғалімі Б.С.Әлімхан
13	«Сабақтың тиімділігін қамтамасыз ететін әдістер мен оқыту тәсілдері» коуч-семинар	сәуір	Педагог-сарапшы, математика пәні мұғалімі К.Ж.Альжанова

№	Сабаққа қатысу	күні	бақылаушы
1	4 сынып бойынша математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары	Қазан 3-4 апта	Мектеп директорының орынбасарлары Альжанова К.Ж, А.А.Тажиева
2	Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер: жаратылыстану, география, физика	Қараша 3-4 апта	Мектеп директорының орынбасарлары Альжанова К.Ж, А.А.Тажиева
3	Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер орыс тілі, ағылшын тілі, қазақ тілі	Қараша 4 апта, желтоқсан 1 апта	ММ менторы Сәтбаев қалалық білім бөлімінің әдіскері Э.И.Макишева
4	Бастауыш сыныптардағы қазақ тілі, әдебиеттік оқу,	Қаңтар-ақпан	ММ менторы Сәтбаев қалалық

	жаратылыстану		білім бөлімінің әдіскері Э.И.Макишева
5	9 сыныптардың пән бойынша функционалдық сауаттылық деңгейін қағалау. (оқу сауаттылық, математикалық сауаттылық)	Наурыз-сәуір	Мектеп директорының орынбасарлары Альжанова К.Ж, А.А.Тажибаева

Ұлытау облысының әдістемелік орталығы 2024 жылдың 25-27 қыркүйек күндері мақсатты мектептің директорлары мен орынбасарларына арналған «Мектептегі білім сапасын басқару: стратегиядан практикаға» тақырыбында облыстық семинарға мақсатты мектеп менторы Сәтбаев қалалық білім бөлімінің әдіскері Э.И.Макишева, мектеп директоры А.Д. Алпысова, мектеп директорының оқу орынбасарлары Тажибаева А.А., Альжанова К.Ж. қатысып, тәжірибе алмасты.

«Оқу мен оқыту ортасында тиімді жоспарлау: тиімді бірлескен әрекет» облыстық күзгі сессияға мақсатты мектептің жаратылыстану-математикалық бағытының пән мұғалімдері қатысты: Жунусова К.С, Баймағамбетов Б.А, Шинжирбекова С.Б, Омарова А.Б, Елеусизова К.С, Елеусизова К.С, Әлімхан Б.С, Бейсенаева Б.К, Смаилова К.К, Дүкенбай Ж.Д, Ибраева Е.А.

Қазан айында мектеп директорының орынбасарлары оқу-ісі жөніндегі орынбасары К.Ж.Альжанова және әдістеме ісі жөніндегі орынбасары А.А.Тажибаева «Тиімді кері байланыс – команданы табысты басқарудың кілті» атты әдістемелік семинар өткізілді. Семинарда пән мұғалімдеріне ұжымдық жұмыс түрлерімен таныстыра отырып, топтық жұмыстар ұйымдастырылды.

Желтоқсан айының 10 желтоқсанда «Зерде» әлеуметтік-педагогикалық жобасы аясында «Сабақ TIME» -тиімді сабақ негізі» тақырыбында қалалық семинар өтті. Семинар мақсаты – педагогтердің тәжірибесіне бүгінгі білім беру мен оқытудың әдістері, тәжірибесі, оның озық үлгілерін қалыптастыру және тарату, табысты педагогтердің білім беру үрдісіндегі инновациялық зерттеулерімен танысуға мүмкіндік туғызу, кәсіби шыңдалуына ықпал ету. Осы семинарда іс-тәжірибесімен бөліскен педагог-сарапшы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гулназия Шакмуратовна Казанбаева 8 «Б» сыныбында «Еңлік-Кебек бейнесі» атты қазақ әдебиетінен сабақ берді.

Үлгерімі төмен сыныптарда «Сабақты зерттеу» (Lesson Study) жобасын жүргізу. (I тоқсан қорытындысы негізінде) 4 «Ә, Б», 7 «А, Ә», 8 «Ә» сыныптарда сабақ беретін ұстаздар мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл – «Lesson Study» технологиясымен жұмыс жасады. 3-4 айналым бойынша сабақтар өткізілді. 4-сыныптар бойынша 3 топ ұстаздары – 8 сабақ, 7-сыныптардан 3 топ – 8 сабақ, 8-сыныптардан 2 топ – 7 сабақ, жиыны – 8 топ жұмыс жасап, 23 зерттеу сабақтарын жүргізді.

А,В,С тобындағы (жиыны- 45) балалар таңдап алынды. Сынып ерекшелігіне сай ортақ мақсат алынды. Сабақтар бірге жоспарланып, әр сабақтан соң талдау жасалып отырды. «Lesson Study» сабақтарында: үлгерімі төмен оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға қолдау жасау, пәнге деген қызығушылығын арттыру және әріптестермен бірігіп: сабақ жоспарын құру, зерттеу сабағын талқылау, сабақтың жоспарын талқылау, зерттеу сабақтарын өткізу, оқыту үдерісіндегі тәжірибені жақсартуды және жетілдіруді зерттеу жұмыстары жүрді және айтарлықтай нәтижесін көруге мүмкіндік болды.

Әр сабақ соңында назарға алынған А,В,С оқушылардан сұхбат алынып, сабақтың ұтымды тұстары, жетілдіруді қажет ететін тұстары «оқушы үнімен» айқындалып отырды. Анықталған мәселелер келесі айналым сабақтарында негізге алынып, жетілдіру бағытындағы жұмыстар жоспарға енгізіліп отырды. Ұстаздар арасында тығыз байланыс пен ынтымақтастықта жұмыс жасау жемісін берді. Дегенмен де, орын алған кемшіліктер де болды: Әр сыныптан алынған А,В,С тобындағы балалар белсенділіктерінің бәсеңдеу болуы, ұстаздардың технология түрлерін сынып деңгейіне сай таңдап алмауы, сабақ жоспарлауда топ мүшелерінің толық болмау жағдайлары да кездесті. Осы жұмыстың қорытындысы ІІ жартыжылдықта қорытындыланды.

«Qyzyq Sabaq» жобасы аясында іс-тәжірибе тарату бойынша қараша айында қалалық оқу бөлімінің жоспарына сәйкес педагог-зерттеуші: география пәні мұғалімі Жунусова К.С, математика пәні мұғалімі Смайлова Г.К, биология пән мұғалімдері Абилдина Б.З, Баймагамбетова Б.А, педагог-сарапшы: математика пәні мұғалімі Альжанова К.Ж, орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Б.У.Шукенова, бастауыш сынып мұғалімдері А.С.Айтлеуова, Т.К.Жаксылыкова, Ж.Т.Муханова, А.Н.Белгібаева өздерінің видео-сабақтарын түсіріп жіберді.

Педагог-зерттеушілердің мұғалімдермен ішкі оқытуды қамтамасыз ету бойынша математика пәні мұғалімі Ж.Д. Дүкенбай «Жасанды интеллект мүмкіндіктері» атты әдістемелік семинар өткізді. Семинардың мақсаты:

-Жасанды интеллекттің негізгі ұғымдары мен жұмыс принциптері туралы ақпарат беру.

-Қатысушыларға ЖИ құралдарын қолдану бойынша практикалық дағдылар беру. Практикалық бөлімінде қарапайым ЖИ құралдарын қолдану бойынша шеберлік әдіс тәсілдерді көрсету (мысалы, Python, TensorFlow, OpenAI платформалары). Семинарға педагогтер өз белсенділіктерін көрсете отырып практикалық жұмыс жасап өз жұмыстарында яғни ҚМЖ құрастыруда, сабақта қолданылатын кері байланыс түрлерін, бағалау әдістерін үйренді.

Сонымен қатар, желтоқсан айында мектеп директорының әдістеме және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.А.Тажибаева, Б.З.Абилдина «Мектептің даму стратегиясындағы ата-аналардың рөлі» сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне арналған әдістемелік семинар өткізді. Семинар барысында «Үштік одақтың» жұмысы жайлы және ата-аналар қолдау орталығының жұмыс жоспарымен таныстыра отырып, сынып жетекшілер арасында топтық

шығармашылық тапсырмалар орындалды. Семинар соңында кері байланыс жасалып, ұстаздар өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

Action Research арқылы өз тәжірибесінде зерттеуді ұйымдастыру бойынша мектептегі педагог-зерттеуші ұстаздардан фокус топтар құрылды. Топтағы педагогтер жұмыс жоспарын құрып, сол жоспар негізінде жұмыстар атқарылуда. Атап айтсақ, №1 мұғалімдер-фокус тобындағы математика пәні мұғалімі Г.К.Смайлова 9 «Ә» сыныбында «арифметикалық және геометриялық прогрессиялар» тақырыбындағы сабақта зерттеу сұрағын тұжырымдап, зерттеудің мақсаты оқушылардың көпшілігінің арифметикалық және геометриялық прогрессияларды түсінуін жақсарту болды. Гулзира Калиаскаровна өзінің зерттеу әдісінің талдауын жасап, зерттеуді іс-әрекетте оқыту тәжірибесінде қолдану білім алушыларға да, мұғалімнің өзіне де өте жағымды әсер етеді, өйткені бұл білім алушылардың қажеттіліктерін, оқу үдерісін, белгілі бір сабақты ұйымдастыруды мұқият қарастыруға мүмкіндік береді, бұл оқытудың тиімділігін арттырады.

Action Research - оқу мен оқытудың сапасын арттыру құралдары ретінде рефлексивті есепті №2 мұғалімдер-фокус тобы: бастауыш сынып мұғалімі М.Б.Кожаметова өздерінің зерттеу сұрақтарын «Бастауыш сынып оқушыларының жазу дағдыларын дамыту» деп тұжырымдап, осы мәселемен жұмыстар атқарды. Зерттелетін сыныпты таңдау мақсатында бастауыш сынып оқушыларынан диктант алынды. 2 «А» сыныбынан 6 бала, 2 «Ә» сыныбынан 5 бала, 3 «А» сынып 8 бала, 4 «Ә» сыныбынан 6 бала қатысты. Нәтижесінде 4 «Ә» сынып оқушыларының жазу дағдылары төмен пайыз көрсетті

Білім сапасына әсер ететін, қосқызыметкер орнына жоғары білікті оқытушы - химия пәні мұғалімін тұрақты жұмысқа тарту (10-11 сыныпта таңдау пәні ретінде химия пәні). І тоқсан барысында химия пәнінен қосқызыметте С.Сейфуллин атындағы гимназиядағы Жаканшиева Кульназия Байсалбаевна сабақ берді. ІІ тоқсанда бала күтімі демалысынан мектептің химия пәні мұғалім М.С.Бейсембаева өз орнына шықты.

«Мақсатты мектеп» жобасының менторы Эльмира Иосифна Макишева қараша мен сәуір айларында пән мұғалімдердің сабақтарына қатысты. Педагог-модератор, ағылшын тілі пән мұғалімі Ш.Н.Мусина 6 сынып, педагог-сарапшы, ағылшын тілі пәні мұғалімі А.А.Тажибаеваның 8 сынып, педагог-сарапшы, орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Б.У.Шукенованың 8 сынып, 4 сынып жетекшілері Ж.К.Жанедилова мен Ж.К.Сермаганбетованың жаратылыстану пәндеріне қатысты. Пән мұғалімдеріне ұсыныс ретінде сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр бөлімі, әр бөлігі, тақырыбы бойынша «білу – түсіну – қолдану - тұжырымдау» жүйелі деңгейлік тапсырмаларымен жұмыс жасауды күшейтуді атап өтті. Сабақта практикалық-шығармашылық тапсырмаларын, ауызекі сөйлеу дағдыларын стандартты емес жағдайларда білімді пайдалануға негізделген, шетел тілінде төрт дағдыны қалыптастыру бойынша жұмыстар жасау керектігі ескертілді.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне белсенді оқыту стратегияларын пайдалануды мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағыттап, үйрету.

«Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі - білім сапасының басты ресурсы» тақырыбында тәжірибелік алаңның IV секциясы «Баршаға қолжетімді сапалы білім» жол картасын және «943-нысаналы мектептерді дамыту» республикалық жобаны іске асыру тақырыбы аясында семинар өткізілді. Семинарға мектеп ұстаздары мен қала мектептерінің ұстаздары қатысты. «ББЖМ-ға дайындық аясында оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді стратегиялары» тақырыбында ББЖМ бойынша мектептерден алынған жұмыстарға талдау жасады, алдағы уақыттағы өткізілу барысымен әдіскер Эльмира Иосифна Макишева таныстырып өтті. Мектеп директорының әдістеме ісі жөніндегі орынбасары Тажибаева Айжан Ахатовна ББЖМ-ға дайындау барысында Testter.kz платформасындағы 4,9 сынып оқушыларынан сынама тест жұмыстарын алу бойынша түсіндірме жұмыс жүргізді. Қоғамдық-гуманитарлық пәндері бойынша оқушыларды ББЖМ ға дайындау шеңберінде есептерді шешу және онлайн тесттер мен тапсырмалар құру әдістерімен бөлісті. Семинарда ұстаздар шығармашылық ізденісін жетілдіру, кәсіби шеберліктерін арттыра отырып, өзара тәжірибе алмасты.

2024-2025 оқу жылының I,II,III тоқсан бойынша ішкі бақылау - білім деңгейін бақылау және шығармашылық, зияткерлік сайыстарға қатысу бойынша

Бастауыш сыныптар бойынша білім сапасы

сыныптар	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	айырымы
2 «А»	50%	58%	58%	
2 «Ә»	50%	54%	56%	+2
2 «Б»	52%	52%	54%	+2
2 «В»	46%	50%	50%	
3 «А»	64%	61%	56%	-5
3 «Ә»	57%	57%	59%	+2
3 «Б»	52%	52%	52%	
3 «В»	52%	54%	57%	+3
4 «А»	62%	62%	62%	
4 «Ә»	50%	50%	53%	+3
4 «Б»	44%	48%	52%	+4

Орта буын сыныптары бойынша білім сапасы

сыныптар	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	айырымы
5 «А»	45%	45%	45%	
5 «Ә»	45%	45%	52%	+7
5 «Б»	43%	48%	48%	
6 «А»	55%	55%	57%	+2
6 «Ә»	50%	50%	55%	+5
6 «Б»	48%	46%	46%	

6 «В»	48%	50%	52%	+2
7 «А»	35%	35%	37%	+2
7 «Ә»	46%	46%	46%	
7 «Б»	54%	56%	56%	
7 «В»	50%	54%	54%	

Жоғарғы буын сыныптары бойынша білім сапасы

сыныптар	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	айырымы
8 «А»	44%	44%	48%	+4
8 «Ә»	40%	41%	41%	
8 «Б»	46%	50%	50%	
9 «А»	52%	54%	50%	-4
9 «Ә»	50%	45%	46%	+1
9 «Б»	48%	52%	52%	
10 «А»	39%	44%	44%	
10 «Ә»	50%	50%	60%	+10
11 «А»	46%	46%	42%	-4

Мектептің жалпы сапасы

	2023-2024 оқу жылы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан
2-4 сыныптар	51%	52%	54%	56%
5-7 сыныптар	46%	46%	48%	49%
8-11 сыныптар	48%	46%	47%	49%
жалпы	48%	49%	50%	51%

Желтоқсан айында **4,9** сынып оқушыларынан ББЖМ-ға дайындық барысында сынама тесттер алынды. «Bilimal.kz» платформасындағы Testter.kz

сынып	Оқушы саны	қатысқаны	Оқу сауаттылығы	Математикалық сауаттылық	Жарат-ғылыми сауаттылық	Орташа балл
4 «А»	27	26	4,0	8,2	8,5	20,9
4 «Ә»	26	24	4,2	8,0	7,9	20,1
4 «Б»	23	23	5,1	9,1	8,3	22,5
барлығы	76	73	13,3	25,3	24,7	63,5

сынып	Оқушы саны	қатысқаны	Оқу сауат-қ	Матем сау-қ	физика	биолог	география	Орташа балл
9 «А»	23	18	9,1	11,7	4,7	5,6	5,8	41,1
9 «Ә»	24	20	7,1	8,0	3,0	4,3	2,8	25,2
9 «Б»	25	20	6,4	9,6	2,5	4,5	3,0	30,1
барлығы	72	58	22,6	29,3	10,2	14,4	11,6	96,4

11 сынып ҰБТ сынама тест

Сынып	Оқушы саны	Қатыс қаны	Қ тарих	Мат. сауат	Оқу сауат	Ағылш т	құқық	биол	химия	матем	геогр	физика	тарих	Орташа балл
11А	26	26	12,9	4,8	5,5	27,5	21	28,5	23,5	15,3	18,8	12,8	20,2	59,6

Наурыз айында 4,9 сынып оқушыларынан ББЖМ-ға дайындық барысында Testter.kz платформасындағы сынама тесттер алынды. Білім бөлімінен бақылаушы қатысуымен алынды

сынып	Оқушы саны	Қатыс қаны	Оқу сауаттылығы	Математикалық сауаттылық	Жарат-ғылыми сауаттылық	Сапа %
4 «А»	27	27	5,2	8,1	8,4	35%
4 «Ә»	26	23	4,4	6,3	5,6	27%
4 «Б»	23	23	4,5	7,04	6,6	29%
барлығы	76	73	14,1	21,44	20,6	30%

сынып	Оқушы саны	Қатыс қаны	Оқу сауат-қ	Матем сау-қ	физика	биолог	география	химия	Сапа %
9 «А»	24	24	9,95	12,6	6,04	6,3	4,08	5,6	70%
9 «Ә»	24	21	9,04	9,5	4,95	5,9	4,4	4,6	62%
9 «Б»	25	22	10,3	12,7	4,86	5,7	4,3	5,68	68%
барлығы	73	67	29,2	34,8	15,85	17,9	12,78	15,88	66%

Сынама тесттен босатылған оқушылар: 4Ә сыныбында 1 ЕБҚ оқушы бар, Сланбек Дінмұханбет
9Ә сыныбында 1 ЕБҚ оқушы бар, Кормин Сергей
9Б сыныбында 2 ЕБҚ оқушы бар, Балықбаева Дильназ, Асылбек Аслия

Мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары жалпы пәндер олимпиадасының қалалық, облыстық деңгейге қатысу бойынша

Пән	мектепшілік кезең 5-11 сыныптар			қалалық кезең 5-8 сыныптар			қалалық кезең 9-11 сыныптар			облыстық кезең 9-11 сыныптар		
	Қатысушы саны	Жеңімпаз саны	Жүлдегер саны	Қатысушы саны	Жеңімпаз саны	Жүлдегер саны	қатысушы саны	жеңімпаз саны	жүлдегер саны	қатысушы саны	жеңімпаз саны	жүлдегер саны
қазақ тілі	30	23	7	4	4	4	2	2	2	1	0	
орыс тілі мен әдебиеті	29	22	13	4	4	4	2	2	2			

ағылшын тілі	24	19	6	4	4	1	4	3	1			
Қазақстан тарихы	16	5	5	3	3		3	3	1			
құқық негіздері	4	2	2	0	0		2	2	2	1	1	1
математика	30	22	4	4	4	2	4	4	1			
география	22	10	10	1	1	1	1	1	0			
биология	4	4	3	0	0		3	3	2			
физика	16	9	9	0	0		0	0	0			
информатика	9	6	6	0	0		0	0	0			
Барлығы	184	122	65	20	20	12	21	20	11	2	1	1

(2023-2024 оқу жылында жалпы пәндер олимпиадасы облыстық кезеңде орын болған жоқ)

Шығармашылық және зияткерлік сайыстар бойынша (оффлайн формат)

Алтын Сақа 3-4, 5-6 сынып (математика)

Алтын түлек 10-11 сынып (математика)

сынып	қатысушы саны	жүлдегер саны	қалалық	Жүлдегер саны (Республикалық кезеңге өтті)
3 сынып	12	3	1	0
4 сынып	11	3	1	0
5 сынып	4	3	1	0
6 сынып	7	3	2	0
10 сынып	3	3	3	3
11 сынып	7	3	3	0
Барлығы	44	18	11	3

Осы «943- елдің нысаналы мектептерін дамыту» жоба аясында «Мектептегі білім сапасын басқару: стратегиядан практикаға» тақырыбында облыстық семинарда «Сәкен Сейфуллин атындағы гимназия»КММ-нің директоры Джакипова Г.А өз мектебінде білім сапасын көтеруге бағытталған «4-Т» (Тәсіл, Тәлім, Тәжірибе, Табыс) жобасы бойынша әдістемелік нұсқау берді. Бұл жобаның мектебіміз үшін тиімді жақтары көп болғандықтан 17

қаңтарында меморандумға отыруға келісім жасалды. 2025 жылдың 13 ақпанда мектебімізде Сәтбаев қаласының "С.Сейфуллин атындағы гимназиясы" КММ мұғалімдерімен бірлескен «4Т жобасы мен Сингапурлық оқыту әдістемесі не береді?» тақырыбында коучинг өтті. Гимназия директоры Джакипова Г.А. «4Т (тәсіл-тәлім-тәжірибе-табыс)» инновациялық жобасымен таныстырып, мұғалімдер Оразалина Ф.Т., Зудочкина С.Н., Мадиярова К.О., Смирнова О.И., Қанатқызы А. Сингапур оқыту әдістерінің қолданылуын көрсетіп, олардың ұтымдылығын айтты. Коучингке қатысқан мұғалімдер сингапур оқыту әдістемесінің микс-фриз-групп, тайм-раунд-робин, Эй ар гайд, Фейер моделі сияқты әдіс-тәсілдерімен танысып, олардың нәтижелігін атап өтті.

Әрі қарай шешуді талап ететін мәселелер:

1. Оқушыларының білім сапасын арттыру: жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мектептің зерттеушілік мәдениетін дамытуға бағытталған іс-шараларды енгізу.
2. Оқудағы және тәрбиедегі қиындықтарды анықтау және жеңу мақсатында ата-аналармен (оларды алмастыратын заңды өкілдерімен) жұмысты күшейту.

Тұжырымдар:

1. Мектеп әкімшілігі мүшелерінің құзыреттілігі мен әдістемелік дайындық деңгейі оқу-тәрбие үрдісінің барлық бағыттарында басқаруды қамтамасыз етуге жеткілікті.
2. Бақылаудың нысандары мен әдістері педагогикалық ұжымның оқу жылына қойған міндеттеріне сәйкес келеді.
3. Балалардың тегін жалпы білім алуы толық көлемде сақталған.
4. Мектепте денсаулық сақтау қызметін дамыту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.

Ұсыныстар:

1. Педагогикалық ұжымның білім беру қызметінің сапасын арттыру бойынша және оқушылар санын сақтап қалу мен арттыру және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды мектепте оқытуға тарту мақсатында мектеп имиджін құру бойынша жұмысын жалғастыру.
2. Мектеп әкімшілігі педагогикалық ұжымның кадрлық потенциалын сақтау мен арттыру мақсатында жас педагогтарды жұмысқа тарту бойынша жұмысты жалғастыру.
3. Мұғалімдердің әдістемелік және кәсіби шеберлігін арттыру бойынша жұмысты жалғастыру, озық педагогикалық тәжірибені қалалық/облыстық деңгейде жалпылау бойынша жұмысты белсендендіру.

Таблица 2

№	Іс шара атауы	Қамтылған оқушы саны	Қамтылған педагог саны	Қамтылған ата-ана саны
1	Жалпы пәндер олимпиадасы (мектепшілік)	184	30	
2	Жалпы пәндер олимпиадасы (қалалық)	21		
3	«Құстар біздің досымыз» акция	14	14	11
4	М.Жүсіп, Ілияс, Мағжан, Мұқағали, Абай оқулары	7	2	
5	«Тоғызқұмалақ» 9-11 сынып	15	2	
6	9-сынып оқушыларына арналған зияткерлік үстел ойындары	5	1	
7	«Жетістікке бір қадам» қалалық питч-сессия		1	
8	«Педагогтің кәсіби құзыреттілігі – сапалы білім берудің негізі» облыстық семинар		15	
9	«Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – білім сапасының басты ресурсы» семинар		52	
10	«Екі жұлдыз» ән байқауы	14	14	30
11	2-7 сынып оқушылар арасындағы «Зерде» конкурсы	15	12	
12	«Әке – ұлдың тірегі, ұл-әкенің жүрегі» тренинг	8	15	16
13	«Үштік одақ: мектеп, ата-ана, оқушы» тренинг	22	6	15
14	«Ұлттық құндылықтардың	23	2	12

	бала тәрбиесінде алатын орны» тренинг			
15	«Балалар кітапханасы» бағдарламасы жөнге «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз»	91	10	91
16	«ХІХ ғасыр көшбасшысы» 5-8 сынып, білдім сайысы	16	4	

Таблица 3

№	Халықаралық	Республикалық	Облыстық	Қалалық
Іс шара саны		2	3	11
Қамтылған оқушы (педагог, мектеп) саны		2 оқушы, 2 мұғалім	5	25

SWOT-талдау

міндеттің орындалуы, нәтижелігі;	1. Мектеп педагогтерінің кәсіби шеберліктерінің артыруының әлсіз болуы. 2.2024-2025 оқу жылында облыстық, республикалық деңгейде жүлделі орындардың аз болуы 3.Мектеп педагогтерінің ұжымдық, кәсіби байқауларға қатыспауы.
анықталған мәселе;	1. Пән мұғалімдердің пәндік әдістемелік құралдарының жүйелі жасалмауы. 2. Мұғалімдердің әдістемелік және кәсіби шеберлігін арттыруда озық педагогикалық тәжірибені қалалық/облыстық деңгейде жалпылау бойынша жұмыстың жүйелі болмауы.
шешу жолдары (2025-2026 оқу жылына орындалатын іс шара атауы)	1.Оқушыларының білім сапасын арттыру: жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мектептің зерттеушілік мәдениетін дамытуға бағытталған іс-шараларды енгізу. (мұғалімдермен TEDx форматында іс-шаралар өткізу, педагогикалық идеялар байқауы)

	2.Оқудағы және тәрбиедегі қиындықтарды анықтау және жеңу мақсатында ата-аналармен (оларды алмастыратын адамдармен) жұмысты күшейту. («Үштік одақ» жобасы бойынша семинар, форум) 3. Мұғалімдердің әдістемелік және кәсіби шеберлігін арттыру. (питч-сессия, Workshop семинар-практикум, шебер сынып)
--	--

Орындаған: оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары
А.А.Тажиева